

Ашықтықты қамтамасыз етудегі жаңа тренд

Әлемдік тәжірибеде дәлелденген корпоративтік басқарудың тиімділігін арттырып, стратегиялық жоспардың сапалы орындалуын қамтамасыз ететін кросс функция – комплаенс. Комплаенс – жаңа технологиялардың дамуы жағдайында тепе-теңдікті таба білу өнері, ол – сәкестікті қамтамасыз ету. Елімізде азаматтардың құқықтық сауаттылығын жетілдіріп, мәдениеттің көтеруге бағытталған іс-шаралар кешені 2018 жылдан бастап белсендіріліп, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыру өзектілігі артты.

Бұл мемлекеттік саясатқа бағдарланған М.Әуезов университетінің 2021-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспарында басым бағыттың біріне айналды. Нәтижесінде 2019 жылы оқу орнымызда профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен білім алушылар арасында парасаттылық, адалдық құндылықтарын кеңінен насихаттау, «Sanaly игра» жобасын іске асыру мақсатында Парасат басқармасы құрылды. Басқарма Парламент депутаттары, қоғам зиялылары, құрметті судьялар, шетелік профессорларды «Парасатты қонақтар» алаңына жинап, университет жастарына мотивациялық дәрістер

ұйымдастырды.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына 2020 жылы енгізілген өзгерістерді басшылыққа алып, Парасат басқармасы – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет ретінде қайта құрылып, мәртебесі Директорлар Кеңесіне бағынысты құрылым ретінде бекітілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі – университет қызметкерлері мен білім алушыларының Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функцияны атқарады.

Комплаенс-қызметінің міндеттері – оқу орнында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ескерту және алдын алу құралдарын енгізуді қамтамасыз ету; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру; сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету.

Комплаенс-қызметінің негізгі жұмыс бағыттары. Академиялық адалдықты ілгерілету. Академиялық адалдық лигасы – бұл 2018 жылы құрылған Қазақстан Республикасындағы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының бірлестігі. Лиганың миссиясы – академиялық адалдықтың он негізгі қағидасын алға жылжыту және жүзеге асыру арқылы елдегі білім беру сапасын ілгеріту және дамыту. М.Әуезов университетінің адалдық қағидаларын тұрақты ілгерілетуінің нәтижесінде 2022 жылғы сәуірдің 13-інде Лигаға мүше ретінде қабылдандық.

Статистиканы қалыптастыру

және арыз-шағымдармен жұмыс. Құқықтық мемлекеттегі әр азамат өз ұсыныс, пікірін, ойын ашық айтып, оның жауабын ала алады. Оқу орнымызда азаматтар, үшінші тұлғалар, қызметкерлер мен білім алушылардың (ата-аналар, жұмыс берушілер, үкіметтік емес ұйымдар және тағы да басқалар) талап-тілектері мен арыз-шағымдары жедел сипатта қаралып, әрқайсысы бойынша келіп түскен желіге сәйкес жауап беріледі. Комплаенс-қызметі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, әдеп стандарттарын бұзу фактілері бойынша түскен арыз-шағымдардағы мән-жайларды зерделейді, ақпараттар жинайды, қажеттілік туындаса, қызметтік тексерулер жүргізіп, нәтижесін алқалы талқылау үшін Әдеп жөніндегі кеңеске ұсынады. Кеңес жұмысын құқықтық сүйемелдеуді іске асырады. Осындай ауқымды процесті жолға қою, оның жұмысын қамтамасыз ету, статистиканы қалыптастырып, уақытылы уәкілетті органға есеп беру – ұжымдағы сенім атмосферасын арттыруға мүмкіндік береді.

Кері байланыс арналарын

қамтамасыз ету. Кері байланыс үшін Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне «сенім телефоны» қосылған, университеттің ресми-интернет ресурсында «ректор блогы» қарастырылған, әлеуметтік желі парақшаларында мессенджерлер қолжетімді. Кері байланыс үшін әрдайым ашықпыз және ұсыныс-пікірлерді жедел қарастыруға дайынбыз.

Мемлекеттік органдар және БАҚ-мен ынтымақтастық. Комплаенс-қызметі Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Шымкент қаласы бойынша департаментімен келісілген жұмыс және іс-шаралар жоспарын іске асырады. Жоспарға сәйкес ғылыми конференция, түрлі форматтағы іс-шаралар, жобалар байқаулары, кездесулер, бірлескен мониторинг жұмыстары атқарылуда. «Shymkent – adaldyq alany» жобалық кеңсесімен меморандумға қол қойылған.

**Гүлбақыт ДУЛАТОВА,
Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы комплаенс-
қызмет жетекшісі**